АҢДАТПА

Магистрлік диссертацияның тақырыбы – ресторан-мейманханалық бизнесін дамытудағы экономикалық стратегиясын қалыптастыру (Өскемен қаласының «Өскементурист» ЖШС үлгісінде).

Дипломдық жобаның түйінді сөздері мейманханалық бизнес, мейманханалық кәсіпорынның даму стратегиясы, қызмет көрсету сапасы, мейманханалық қызмет көрсетудегі бәсекелестік.

Жобаның зерттеу объектісі – мейманханалық қызмет көрсету рыногында өз қызметін жүзеге асыратын «Өскементурист» ЖШС болып табылады.

Зерттеу мәні – мейманханалық бизнесті басқару процессінде туындайтын және мейманханалық индустрия рыногы субъектілерінің арасында қалыптасатын ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар болып табылады.

Магистрлік диссертация 105 бетте баяндалған, 19 кесте, 16 сурет, 30 формула, 1 қосымша, 45 әдебиет көздері бар.

Алғысөзде тақырыптың өзектілігі негізделген, магистерлік жұмысты жазу мақсаты қойылған, зерттеу объектісі мен мәні, міндеттері белгіленген.

Магистрлік жұмыстың бірінші тарауында мейманханалық бизнесте стратегиялық жоспарлаудың әдістемелік және тәсілдік негіздері қаралған, мейманханалық қызмет көрсетудің экономкалық мағынасы айқындалған, стратегия түсінігі берілген, стратегиялық талдау мен жоспарлау әдістері қаралған, мейманханалық кәсіпорын бәсекелестігінің бағасы берілген.

Екінші тарауда «Өскементурист» ЖШС кәсіпорын қызметінің жалпы сипаттамасы берілген, кәсіпорынның негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіші мен қаржы қызметіне талдау жүргізілген, мейманханалық кәсіпорынның пайдалану бағдарламасының сипаттамасы берілген, мейманхана қызметі көлемінің болжамы әзірленген.

Үшінші тарауда мейманханалық қызмет көрсету рыногында бәсекелестік ортаның талдауы жүргізілген, «Өскементурист» ЖШС стратегиясы әзірленуінің негізгі бағытын мен мақсаты, миссиясы қалыптастырылған, мейманханалық бизнестік бәсекелестігін басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленген.

Қорытындыда «Өскементурист» ЖШС-нің дамытуындағы экономикалық стратегиясын әзірлеу бойынша ұсыныстар мен негізгі тұжырымдар бар.